

dance with the law on preschool education for creating educational environment in the preschool organizations. As the leading directions of selected three: development of technical skills, speech development, correction activity.

Keywords: *Children with defined educational needs, inclusive education, LEGO designer, educational environment, cognitive development, individualization.*

ӘОЖ 3778.1

Италмасов, А.К.,

*А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік
университетінің 1 курс магистранты*

Утегенова, Б.М.,

*педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
ҚМПИ, Қостанай, Қазақстан*

СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйіні

Мақалада студент жастардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ғылыми еңбектердегі «құзыреттілік» ұғымы түсіндірілді. Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру жолдарына және әдіс – тәсілдеріне анықтама берілді. Коммуникативтік құзыреттілікті диалогтік технология арқылы қалыптастыру мәселелері сипатталды.

Мақаланың мәнін ашытын сөздер: коммуникация, құзыреттілік, диалогтік тәсіл.

1. Кіріспе.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілетті» атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында: «Ең алдымен білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсенділендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін, технологияларын жетілдіру қажеттілігі туындайды. Оқыту үдерісінде белсенділендіру – берік те, тиянақты білім берудің жолдарын қарастыру, студенттердің шығармашылық ойлауына, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды келешек мамандығына қызықтыра алу, оларды өздігінен жұмыс істеуге бағыттап ұйымдастыру қажет. Бұдан білім беру саясатының келелі мәселелері – болашақ мамандардың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жанарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ақпараттық технологияларды жоғары деңгейде пайдалану, қазіргі қоғамның сұранысына жауап беретіндей білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру болып табылады.

2. Материалдар мен әдістер.

Студент жастардың коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру өзекті болып табылады. Біз зерттеу барысында аймақтық университет студенттерінің өзара қарым – қатынас жасауын, оқу үрдісінде коммуникацияға түсуін сауалнама жүргізу арқылы анықтадық. Сауалнама барысында студенттерге жазбаша түрде сауалнамалар таратылды.

1. 40%, студент жастардың өз ойын ашық және терең жеткізуде қиналатыны байқалды.

2. 33%, студенттер коммуникациялық қарым-қатынас орнатуда қиыншылық көрмейміз, - деп өз ойларын анық жеткізді.

3. 27%, 3-4 курс студенттері топпен бірлесу жұмыс істеу нәтижелерінде бір-бірін қолдау – деп белгіледі.

Сауалнаманың қорытындысы бойынша шешім талап ететін мәселе айқындалды. Ол арнайы технологиялар пайдалану арқылы, студенттердің коммуникативтік құзіреттілігіне жағдай жасау. Біздің ойымызша бұл диалогтік оқыту технологиясы.

3. Ғылыми еңбектерде.

«Құзыреттілік» ұғымына түрліше мағына беріліп жүр. Орыс ғалымдары (В.А.Адольф, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Э.Ф. Зеер, В.А. Слостенин, Т.Ф. Лошакова, т.б.) педагогикалық зерттеулерінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігі туралы мәселеге көп қызығушылық пайда болғанын айтады.

Бұл жайлы Ш.Таубаева: Жоғарғы кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттардың құзіреттілік форматында жасалуын зерттеу барысында «құзыреттілік» ұғымының мазмұнын ашуда оның үш түсініктемесін атап көрсетеді:

1. Өзінің ішкі әлеуетін іске асыруға қабілетті (даярлығы) мен ынталылығы (мотивациялық аспект);

2. Табысты шығармашылық іс-әрекет үшін практика жүзінде байқалған өзінің білім, іскерлік, тәжірибесін іске асыра алу қабілеті (когнитивтік аспект);

3. Өз іс-әрекет нәтижелерінің әлеуметтік маңыздылығын және жеке жауапкершілігін түсінуі, оны үнемі жетілдіріп отыру қажеттігін ұғынуы (құндылық аспект).

Сонымен, осы түсініктемелердің негізінде Ш.Т.Таубаева(2006) «құзыреттілік» - деп әлеуметтену және оқыту үрдісінде қалыптасқан және өздігінен іс-әрекетке табысты қатысуына бағытталған білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның іс-әрекетке даярлығы мен жалпы қабілеттерінен байқалатын интегралды қасиетін түсіндіреді [5, 19-28 б.].

Ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек «Құзыреттілік – бұл білімді, іскерлікті қолдану қабілеті, оқу міндеттерін шешуде тәжірибие негізінде стандарттан тыс жағдайда адамның табысты нәтижелі әрекет ету қабілеті» басшылыққа алады.

Б.Т. Кенжебеков құзыреттіліктің мынадай түрлерін бөліп көрсетеді: арнайы құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік, жеке тұлға құзыреттілігі, дара құзыреттілік. В.А. Слостенин «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқару мақсатында теориялық және практикалық дайындығы мен қабілеттерінің бірлігі» деп есептейді. «Құзыреттілік» ұғымы адамның мәселеден жақсы хабардарлығы, танымдар мен тәжірибелерді меңгеру аумағын білдіреді. Белгілі бір сала бойынша құзыретті болу – осы салаға негіздемелік талдау жасау және ондағы тиімді іс-әрекет етуге мүмкіндік беретін лайықты білім мен қабілетке ие болу.


Осы зерттеулерді қорытындылай келе, коммуникативтік құзіреттіліктің анықтамасын былай белгіледік: коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі педагогтың жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке педагогикалық қабілеттері; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, «бағдар ету», сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті. Негізгі құзыреттіліктер тізімінде коммуникативтік құзыреттілік әлеуметтік тәжірибе мен жеке басының тәжірибесін, сондай-ақ студенттердің өздігінен білімін дамытуға қолданылатын негізгі қызмет түрлерін құрылымдық жағынан таныстыру негізінде анықталады. А.В. Хуторской коммуникативтік біліктіліктің 3 негізгі түрін енгізген:

1) негізгі құзыреттіліктер: құндылық – мәнді, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік-еңбектік, жеке тұлға ретінде өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі;

- 2) жалпы пәндік құзыреттілік;
- 3) пәндік құзыреттілік [6, 95 б.].

Студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда: жобалар әдісі, жарыссөз әдісі, ойын технологиясы (рөлдік ойындар), проблемалық пікірталас, интерактивтік оқыту технологиясы (жүспен, шағын топтарда), сценарий-контекстік технология, модульдік оқыту технологияларды белсенді пайдалану керек.

Кесте 1 – Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру жолдары



Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру ойын технологиялары, пікірталастар, кейс-стади технологиялары көмегімен сатылай жүргізіледі. Негізгі біліктілікті қалыптастыруда оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдары маңызды рөл атқарады. Сабақ өткізу кезінде оқытушылар диалогтік оқыту құралдарының бірнеше түрлерін, пайдалану қажет. Студент жастардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін жүйелеуде диалогтік оқытудың маңыздылығы ерекше. Сонымен қоса әлеуметтік желілердегі онлайн тәсілдер, интерактивті әдістерді пайдалану, интернетпен жұмыс істей білу, мұның бәрі студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ілгері жылжуға, жаңашылдыққа, өзіндік үлесін қосады.

Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың маңызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі.

Студент жастардың қазақша коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі тілдің қатысымдық және когнитивтік салаларының өзара ортақ бағыттары мен ұстанымдарынан туындаған жаңа бағыт. Екінші тілді үйренуде сөз мағынасын қабылдауда, пайымдауда, түсінуде танымдық ерекшеліктерін ескеру, олардың түрлі өмірлік ситуацияларда өз ойын, пікірін жеткізу, коммуникативтік міндеттерді шешу, қатысымдық мақсатты іске асыруда тілдің заңдылықтары мен нормаларын орынды пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру мәселелері алдыңғы орынға шығады. Ғалым Ф.Ш. Оразбаева (2005) «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.

Осыдан барып, «коммуникабельді» тез тіл табысады, түсінуге бейім, «коммуникабельдік»-түсінушілік т.б. деген сөздер пайда бола бастады.

Ғалым «коммуникация» сөзін «қатысым» - деп танып, қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаңадан «тілдік қатынас», «тілдік қарым-қатынас», «тілдесім», «жазылым» және т.б. терминдерді енгізді. (Оразбаева Ф.Ш., 2005 – 272 б.)

Өз тәжірибемізде коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан студент екінші адаммен яғни, топтасымен белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, өз ойын түсіндіре білуге, олардың пікірін ұғына білуге, түсіне білетініне көз жеткізіп жүрмін.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда диалогтік тілді де қосар едім – оқу үрдісіндегі қарым қатынаста алдыңғы орын алатындығы менің ғылыми жобамның өзектілігін арттырып отыр: Ол оқытудың негізгі мақсаттарының бірі және оның маңызды құралы деп санаймын. Диалог – екі жақты құбылыс. Қарым – қатынаста көзделетін мақсатқа орай диалогтың өзіндік әртүрлі ерекшеліктері болады, күнделікті тұрмысқа байланыстылығы төмендегідей.

Кесте 2 – Диалогтік оқыту ерекшеліктері

№	Диалогтік оқытудың ерекшеліктері	Анықтамасы
1	Ресми қарым – қатынас құралы	Біріккен іс – әрекет қажеттілігін туғызатын адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнатылатын күрделі көп жоспарлы процесс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бір – бірін қабылдау.
2	Эмоционалды – экспрессивті, әсерлігі	Эмоционалды сөздердің тіл білімінде зерттелуі, экспрессия, экспрессивтілік ойдың және еріктің пайда болуындағы сияқты эмоционалды болып қабылданылуы, экспрессия бұл айқындылықтың, бейнеліліктің күшейтілуі, айтылған сөздің ықпал етуші күшінің артуы.
3	Сөйлемдердің ықшамдалуы	Белгілі бір мағыналық және интонациялық тұтастыққа ие, грамматикалық тәртіппен байланысқан сөздер тізбегі ретінде көрінетін адамдар тілінің кіші бөлшегі. Сөйлемге байланысты түрлі анықтамаларды қарастыра келе, сөйлемге жаңаша көзқарасты аңарту. Осы анықтамаларды тиянақтай келгенде, сөйлем сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің, іс пен істің, ой мен ойдың қатынасын көрсетіп, белгілі бір ойды білдіреді десек, сөйлемді дұрыс түсінген болар едік.
4	Сөйлейтін сөздің алдын ала жоспарланбауы	Сөйлеу мәдениетін игерілмеуі, өзсөзін анық жеткізе алмауы, ойын жалғастыра алуда тілдік қорының жетіспеуі.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда диалогтік тіл – оқу үрдісіндегі қарым-қатынаста алдыңғы орын алады: ол оқытудың негізгі мақсаттарының бірі және оның маңызды құралы деп санаймын. Мысалы: Студент белгілі мәліметті қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге, терең ой иесі. Олар дербес ойланып, дәлелдер келтіруіне сабақ барысында түрлі әдістер арқылы қолайлы жағдай жасауға тырысамын. Айталық, «Атаулар көмегімен болжау жасау», «Елеспен жетелеу», стратегиялары студенттердің шығармашылық қабілетін ұштауға өте тиімді. «Ой қозғау», «Болжау» әдістерін студенттердің ой ұшқырлығын бақылауда, стандартты емес шешім жасауда тиімді пайдалану жөн. Осы тұста студенттердің коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру мақсатында. Оқу жоспарындағы базалық пәндерді студенттерге өздері таңдап алу керектігін ұсынар едім. Олардың пәнге деген қызығушылығы болса, өмірлік өз позициясын таңдап беруге де өз үлесімізді қосар едік.

4. Қорытынды және талқылау. Жоғары оқу орындарында студенттердің бойында жоғарғы дәрежелі білім, біліктілік пен дағдыны қалыптастыруды қамтамасыз етеміз. Студент

жастардың өмірлік жағдаяттарда өздерінің алған білім, біліктілік, дағдыларды дұрыс қолдана алуына жағдай жасау - біздің ұстаздық міндетіміз.

Жоғары оқу орны мен педагогтарға ұсыныстар:

1. Студент жастардың оқу үрдісінде коммуникацияға түсе алмауын еске алу керек;
2. Жоғары оқу орындағы студенттердің өз – ара байланыс кезінде бірін-бірі шектетуге жол бермеу керек;
3. Оқу процесінен тыс кураторлар студенттердің қалыптасуына ашық әңгімелер ұйымдастыру керек;
4. Жоғары оқу орындарында студенттердің оқу мен қоса қоғамдық жұмысқа да белсенді ат салысуына барынша жағдай жасау керек.

Қорытынды: Демек, маман даярлау барысында өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, іскер азамат тәрбиелеп шығару арқылы коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту жолында атқарар еңбектері әлі де алда деп есептеймін.

5. *Ризашылық білдіру.* Осы мақаланы жазуда ақыл-кеңесін беріп отырған кафедра оқытушыларына алғысымды білдіремін. Мақаладағы сауалнама өткізуде көмектерін көрсеткен 3-4 курс студенттеріне ризалық білдіремін.

Әдебиет тізімі

1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілігі [Мәтін]. – Астана, 2017. – 31 қаңтар.

2 Кенжебеков, Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы [Мәтін]: монография / Б.Т. Кенжебеков. – Астана: Академия, 2001. – 275 б.

3 Оразбаева, Ф.Ш. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі [Мәтін] / Ф.Ш. Оразбаева. – Алматы: ҚазҰПУ, 2005. – 272 б.

4 Слостенин, В.А. Педагогика: учебное пособие для вузов [Мәтін] / В.А. Слостенин. – М.: Учебник, 2004. – 819 б.

5 Таубаева, Ш.Т. Государственные образовательные стандарты высшего профессионального образования: методология, теория и технология проектирования в компетентностном формате [Мәтін] / Ш.Т. Таубаева // Білім әлемінде. В мире образования. – №1-3. – 2006. – С 19-28.

6 Хуторской А.В., Негізгі біліктілік жеке-бағдарлы компонент ретінде. [Мәтін]: / А.В. Хуторской.-ж. Халықтық білім» – 2003 – №2. – 45–50 б.

Мәлімет редакцияға түсті: 07.11.2017

ИТАЛМАСОВ, А.К., УТЕГЕНОВА, Б.М.

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ

В статье раскрывается понятие «компетенция» через анализ научных трудов по проблеме. В содержании статьи дан анализ путей формирования коммуникативных компетенций студенческой молодежи. Показано, что в формировании коммуникативных компетенций можно использовать также диалоговый язык.

Ключевые слова: *Коммуникация, компетентностный, подход, диалогическое обучение*

ITALMASOV, A.K., UTEGENOVA, B.M.

FORMATETION OF COMMUNICATIVE COMPETENS OF STUDENTS

The article reveals the concept of "competence" through the analysis of scientific works on the problem. In the article the analysis of ways of formation of communicative competence of students. It is shown that the formation of communicative competence can also be used dialogue of language.

Keywords: *Kommunikasiya, competence, approach, and dialogue.*